ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
ЮРИЙ ГАГАРИН АТЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

# БҰЙРЫҚ № 123 -Ө

**Құлан ауылы** **«29» тамыз 2024 ж.**

**« 2024-2025 оқу жылында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ыстық тамақпен қамту жұмыстарының ұйымдастыру туралы»**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 ж. №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін,түрлерін және оны беру қағидаларын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының 1 тармағын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

**1.** Тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тамақтанудың тиісті жағдайлары қамтамасыз етілсін.
**2.** Асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақыты оқу процесі аяқталғанға дейін бір сағат бұрын аяқталсын.
**3.** Интернет-ресурста "Мектептік тамақтандыру" айдарын құрылып, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты (перспективалық, тағамдардың фотосуреті бар күн сайынғы мәзір, жұмыс жоспары, тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссиялардың актілері) "Мектептік тамақтандыру" айдарында, сондай-ақ «Күнделік» kz сайтында жариялау жұмыстары А.Сәрсенбаевқа жүктелсін.
**4.** Мектеп басшысы бекіткен перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын тамақтардың алдағы күнге шығуын көрсете отырып, ас мәзірі бекітіліп,

асханаға және білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері үшін қолжетімді жерге орналастырылсын.

**5.** Тағамдарды, буфет өнімдерін, сусындарды, шөлмектегі суды өткізу конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылсын.

**6.** Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын, асхананың санитарлық жағдайын бақылау, күнделікті қадағалау мектеп медбикесі Н.Бокышоваға жүктелсін.

**7.** Күнделікті мектеп әкімшілігі тарапынан кезекшілік кестесі құрылып, бекітілсін және кесте бойынша бақылау жүргізілсін./ қосымша1/ тіркеледі.

**8.** Нормативтік құжаттардың жүргізілуін, оны қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Тәукебаеваға жүктелсін.

**9.** Осы бұйрықтың орындалуын өзіме жүктеймін.

**Мектеп директоры: Қ.Б.Тасыбаев**

Таныстым: Н.Б. Тәукебаева
Сарсенбаев А.Б.
Бокышова Н.